

Батыс Қазақстан облысының кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 6 қазан N 1527. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.12.14. N 1843 қаулысымен. ~P001843

Батыс Қазақстан облысында тұқымдық қарызды уақытында қайтаруға әсер ететін күтпеген жағдайлардың пайда болуына байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры" жабық акционерлік қоғамына Батыс Қазақстан облысы депутаттарының облыстық маслихатының облыстың 2000 жылға арналған бюджетіне тұқымдық қарызға қызмет көрсетуге және оны өтеуге ақша енгізуі шартымен, "1999 жылдың егіс науқанын тұқымдық астықпен тауарлық несиелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 31 наурыздағы N 341 P990341_ қаулысына сәйкес Батыс Қазақстан облысының әкімі алған тұқымдық қарызды өтеудің мерзімін 2000 жылдың 1 желтоқсанына дейін ұзарту ұсынылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" жабық акционерлік қоғамы Батыс Қазақстан облысы депутаттарының облыстық маслихатының жоғарыда аталған шешімі болған жағдайда "Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры" жабық акционерлік қоғамына несиені қайтаруды 2000 жылдың 15 желтоқсанына дейін ұзарту туралы тиісті келісім жасассын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК